

Қарашілік ауылында бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 23 мамырдағы N 126 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Ақсу ауданының әділет басқармасында 2008 жылы 3 маусымда N 2-4-74 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 7 қыркүйектегі N 254 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2009.09.07 N 254 қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңның 10 бабының 2 тармағының 9) тармақшасына сәйкес және Ақсу аудандық бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынысы негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ**

Е Т Е Д І :

1. Қарашілік ауылында ұсақ мал ішінен бруцеллез ауруының шығуына байланысты, оны ары қарай таратпай жою мақсатында шектеу іс-шаралары енгізіліп, ветеринариялық режим белгіленсін.
2. Қарашілік ауылы бойынша бруцеллез ауруының ошағын жою жөніндегі іс-шаралар жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Тынышбаевқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі **Ә. Дүйсембаев.**

А қ с у а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 3 м а м ы р д а ғ ы
N 1 2 6 қ а у л ы с ы м е н б е к і т і л г е н
қ о с ы м ш а

Қарашілік ауылында бруцеллез ауруының шығуына байланысты, ветеринариялық режим белгіленген аулаларда оның алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралары

	Іс-шаралар аталуы	Орындалу мерзімі	Жауапты адамдар
Ұйымдық-шаруашылықтың шаралары			
1	Ауылдық округте ауылшаруашылық малдардың толық есебін жүргізу,	2008 жылдың қаңтар-шілде айларында	Ауылдық округінің әкімі аппаратының мамандары, ауылдық

	жануарлардың барлық түрі бірдейлендіруден өткізу.		округтің ветеринариялық инспекторы (келісуімен), мал иесі (келісуімен)
2	Арнайы мал соятын орындар мен өлген малдарды тастайтын шұңқырды осы елді мекенде жасау	2008 жылдың қараша айына дейін	Ауылдық округінің әкімі
Арнайы ветеринариялық шаралар			
1	Бруцеллез ауруымен ауырған малдарды тез арада жалпы отардан аластау	Дереу	Ауылдық округтің әкімі, ауылдық округтің ветеринариялық инспекторы (келісуімен), мал иесі (келісуімен)
2	Ауру шыққан ауладағы басқа малдардан екі қайтара 15-21 күн сайын қан алынып, 2 рет таза нәтиже шыққанша	Ветеринариялық заңдылыққа сәйкес тұрақты түрде	Ауылдық округтің ветеринариялық инспекторы (келісуімен), кәсіпкер мал дәрігері (келісуімен)
3	Мал тұрған қоралар мен аулаларды қидан тазарту және мал сойған орындарды арнайы дәрілермен залалсыздандырудан өткізу	Тұрақты түрде	Ауылдық округтің ветеринариялық инспекторы (келісуімен), мал иесі (келісуімен), кәсіпкер мал иесі (келісуімен)
4	Ветеринариялық инспектордың рұқсатынсыз ауру ошағына сырттан мал алып келу немесе алып шығуға тыйым салынсын.	Аурудан сауықтырғанша	Ауылдық округінің әкімі, ауылдық ветеринариялық инспекторы (келісуімен)
5	Ауру ошағы территориясынан мал азығын дайындауға, оны басқа жерге алып шығуға тыйым салу.	Аурудан сауықтырғанша	Ауылдық округтің әкімі, ауылдық округтің ветеринариялық инспекторы (келісуімен)
6	Ауру шыққан ауладағы адамдардың бруцеллез ауруын тексерілуін жүргізу	Тұрақты түрде	Ақсу аудандық мемлекеттік санитариялық - эпидемиологиялық қадағалау басқармасының мамандары (келісуімен)
7	Аудан тұрғындары арасында бруцеллез ауруына қарсы шаралары жөнінде насихат жұмысын жүргізу	Тұрақты түрде	Ақсу аудандық мемлекеттік санитариялық - эпидемиологиялық қадағалау басқармасының мамандары (келісуімен)